

**"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 183 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1803 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011–2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № 183 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 21, 269-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«Ағымдағы ахуалды және денсаулық сақтау саласының даму үрдістерін талдау»

д е г е н 2 - б ө л і м :

«Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім-жітім деңгейін төмендету» деген 1 - к і ш і б ө л і м :

«Денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі параметрлері» деген тарау мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

«Қазіргі уақытта дәрігерлерді даярлауды 6 медицина университеті және 1 мемлекеттік емес ЖОО, көп бейінді университеттердің 3 медициналық факультеті жүзеге асырады. Біліктілікті жоғарылату Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институтының, Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің, медицина университеттерінің, 16 ғылыми-зерттеу институты мен ғылыми орталықтардың б а з а с ы н д а жү р г і з і л е д і .

Медициналық көмекті 60 мыңнан астам дәрігер және 139 мыңға жуық орта медицина қызметкері көрсетеді. Халықты барлық мамандықтағы дәрігер кадрлармен қамтамасыз етуді ұлғайтуға қарамастан (10000 адамға шаққанда 2005 жылғы 36,5-тен 2009 жылы 37,8-ге дейін), практикалық бейінді дәрігерлермен қамтамасыз ету бірнеше жыл бойы бір деңгейде қалып отыр. 2009 жылы бұл көрсеткіш 10 мың адамға шаққанда 86,4-ті құрады. Халықты орта буын медицина қызметкерлерімен қамтамасыз ету бұған ұ қ с а с .

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезеңінде денсаулық сақтау кадрларын даярлаудың сапасына қолжеткізу бойынша нақты жұмыстар жүргізілді. Медициналық және фармацевтикалық білім берудің нормативтік базасы құрылды, 2007 жылдан бастап білікті әдістемеге және үздік дүниежүзілік тәжірибеге негізделген жоғары медициналық білім берудің жаңа білім беру бағдарламалары іске асырылуда. Соңғы он

жылдың ішінде барлық мемлекеттік медициналық жоғары оқу орындарының қазіргі заманғы оқу-клиникалық және зертханалық жабдықтарды сатып алды, медициналық жоғары оқу орындарының 85%-ы үлкен дербестікті ала отырып, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын мәртебесіне ауысты. Инновациялық білім беру технологияларын енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта 400-ден астам оқытушы шетелде және 500-ден астамы алдыңғы қатарлы шетел мамандарын тарта отырып, Қазақстанда қайта даярлаудан өтті. Құрылған оқу-клиникалық орталықтар студенттер мен интерндердің клиникалық даярлығына серпін беруге ықпал етті. Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының сапаны жақсартудың жаһандық стандарттарына негізделген базалық медициналық білім берудің институционалдық аккредиттеуінің ұлттық стандарттары әзірленді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық аккредиттеу орталығының Аккредиттеу кеңесінің шешімімен «Астана медицина университеті» АҚ аккредиттелді. Тағы 3 мемлекеттік медицина университетінде институционалдық аккредиттеу жүргізу б а с т а л д ы .

Кадр әлеуетін реттейтін нормативтік құқықтық база күшейтілді, номенклатура онтайландырылды және медициналық және фармацевтикалық мамандықтар мен денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары жетілдірілді. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру кезеңінде шетелде медицина кадрларының біліктілігін жоғарылатуға, шетелдің алдыңғы қатарлы мамандарын тарта отырып, мастер-кластар ұйымдастыруға үлкен көңіл бөлінді.

2008 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2008 жылғы 19 ақпандағы № 79 бұйрығымен бекітілген Медицина ғылымын реформалаудың 2008–2012 жылдарға арналған тұжырымдамасы іске асырылуда, медицина ғылымы менеджерлерін даярлау жұмысы басталды.»;

«Негізгі проблемаларды талдау» деген бөлім:

мынадай мазмұндағы жетінші және сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

«Дүние жүзінде мүгедектіктің және мерзімнен бұрын өлімнің маңызды себебі болып табылатын, күтілетін өмір сүру ұзақтығы көрсеткіштеріне маңызды әсер ететін, ең алдымен елдердің әлеуметтік-экономикалық саламаттылығының өсуімен, өмір сүру ұзақтығының ұлғаюына, онкологиялық ауруларды анықтауға бағытталған профилактикалық іс-шараларды өткізуге байланысты инфекциялық емес созылмалы аурулармен сырқаттанушылықтың өсуі байқалады.

ДДҰ болжамдары бойынша қатерлі ісіктерден сырқаттанушылық және өлім 2020 жылға дейін дүние жүзінде 1,5 – 2 есеге ұлғаяды. Обырмен сырқаттанушылықтың өсуі саламаттылықтың және халықтың өмір сүру ұзақтығының ұлғаюын ескере отырып, сондай-ақ ерте диагностикалау бағдарламаларын енгізе отырып, қатерлі ісіктерді анықтау деңгейінің өсуін ескере отырып, қатерлі ісікпен сырқаттанушылықтың өсуінің ұқсас үрдісі Қазақстан Республикасына да тән.»;

мынадай мазмұндағы он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші бөліктермен толықтырылсын:

«Жыл сайынғы даярланған медицина кадрлары түлектерінің ұлғаюына қарамастан кадр тапшылығы проблемасы әр жыл сайын өсуде.

МСАК көрсететін персоналдың тапшылығы, ірі қалаларда медицина қызметкерлерінің шамадан тыс шоғырлануы, жоғары және орта кәсіптік медициналық білімі бар медицина қызметкерлері санының теңсіздігі орын алып отыр. Осылайша, 2009 жылдың қорытындысы бойынша қала халқыныкі дәрігерлермен қамтамасыз етілуі 10 мың адамға шаққанда 58,3-ті, ал ауыл халқыныкі - барлығы 14,1-ді құрады. Бұл жағдай өңірлер бөлінісінде үлкен сәйкессіздікті көрсетеді: Қарағанды облысының ауыл халқына дәрігерлермен қамтамасыз етілуі 20,1-ді құрайды, Солтүстік Қазақстан облысында 10 мың ауыл халқынын шаққанда барлығы 9,6-ны құрайды.

Салаға жас мамандардың келу ағынының ұлғаюына қарамастан, кадрлардың «қартаю» үрдісі байқалады. Олардың үлесі жеткіліксіз күйінде қалып отыр және жалпы дәрігерлер санының 4 %-дан аспайтын бөлігін құрайды.

Бұдан басқа денсаулық сақтау қызметкерлерінің жұмысқа деген уәждеделген ынталары жоқ және олар әлеуметтік жағынан жеткіліксіз қорғалған. Медицина қызметкерлері жалақысының деңгейі әлі де төмен, сондай-ақ жұмысының түпкі нәтижелеріне негізделген еңбекақыға сараланған тәсіл жоқ.

Ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуы және инновациялық жетістіктердің болмауы орын алып отыр.

Қабылданған шараларға қарамастан, Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметінде кадрларды даярлау сапасы, жұмыс істейтін мамандардың біліктілік деңгейі негізгі проблема болып отыр.»;

«Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру» деген 2-кіші бөлімде: «Денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі параметрлері» деген тарау мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасында халықаралық талаптарға бейімдеу үшін фармацевтика саласын оңтайландыру үдерісі басталды. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін іске асыру үшін дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық техника айналысының саласын реттейтін нормативтік құқықтық актілер әзірленді. Мемлекеттік қолдау шаралары отандық өндірушілердің сапалы фармацевтикалық өнімді өндіру номенклатуралары мен көлемін жыл сайын ұлғайтуды қамтамасыз етуге бағытталған.

Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы тіркеу, сертификаттау, сапасын бақылауды қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды жарнамалау қызметі жетілдірілуде. Ұлттық ақпараттық дәрілік орталық құрылды.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен сатып алынатын дәрілік

заттарға мемлекеттік бағаны реттеу енгізілді, бұл өз кезегінде бағаны орта есеппен 30 %-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Терапиялық тиімділікті, фармакоэкономиканы және жанама әсерлерін мониторингілеуді ескере отырып, дәрілік заттарды тиімді қолдануға бағытталған дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің формулярлық жүйесі енгізілді.

Әлемдік тәжірибенің негізінде қаржыны айтарлықтай үнемдеуге және отандық препараттарды тұтыну үлесін бірнеше рет ұлғайтуға мүмкіндік беретін дәрілік заттарды және медициналық өнімдерді дистрибуциялаудың бірыңғай жүйесі құрылды.

Ауыл халқына дәрілік қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін МСАК объектілері арқылы дәріхана ұйымдары жоқ 3000-нан астам ауылдық елді мекенге дәрілік заттарды өткізу ұйымдастырылды.»;

«Негізгі проблемаларды талдау» деген тарау мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

«Ауыл халқы денсаулығының жағдайы және медициналық қызмет көрсету деңгейі талап етілетіннен айтарлықтай қалып отыр. Медициналық көмек көрсету деңгейінің көлемі және сапасы халықтың өсіп жатқан қажеттілігін қанағаттандырмайды. Халық денсаулығының нашарлауы қолайсыз экологиялық жағдаймен, таза ауыз сумен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігімен қиындай түсуде.

Ауылдық емдеу-профилактикалық ұйымдарының материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлықсыз жағдайда қалып отыр. Медицина ұйымдары көбінесе бейімделмеген, санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес келмейтін үй-жайларда орналасқан, қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен, санитариялық автокөлікпен, жұмсақ және қатты бұйымдармен жеткіліксіз жарақтандырылған. Ауылдық денсаулық сақтау объектілерінің көбінде дәріханалық дүңгіршектер жоқ.

Қабылданған шараларға қарамастан фармацевтикалық бақылау, фармакоэкономикалық зерттеулер жүйесі, дәрілік заттардың жанама әсерінің мониторингі, жалған және контрафактілік дәрілік заттардың өндірісіне және таралуына қарсы күрес жұмыстары одан әрі жетілдіруді қажет етеді. Медицина ұйымдарын тиісті сервистік қызмет көрсететін қазіргі заманғы жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесін де шешу қажет.

Халықтың, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын халықтың дәрілік заттарға қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері одан әрі шешуді қажет етеді.

Фармацевтикалық саланы қарқынды дамыту үшін өндірілетін дәрілік заттардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және халықаралық нарыққа шығару бойынша жұмыстар жүргізу қажет, оның ішінде Кеден одағы шеңберінде соңғы өнімнің сапасын бақылау жүйесінен дистрибуторлық және дәріханалық практика өндірісінің сапасын қамтамасыз ететін жүйеге көшу қажет.»;

«Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау» деген тарау мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

«Халық үшін дәрілік заттардың қолжетімділігін және сапасын арттыруға мынадай

ішкі және сыртқы факторлар ықпал етуі мүмкін:  
С ы р т қ ы :  
ДСҰ-ға және Кеден одағына кіру.

Сыртқы факторларды жою үшін дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникасының айналысы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің үйлесімділігі, рұқсат құжаттарын өзара тану, Кеден одағы шеңберінде дәрілік заттар сапасын инспекциялау мен бақылаудың ықпалдастырылған жүйесін қ ұ р у қ а ж е т .

І ш к і ф а к т о р л а р :  
отандық фармацевтикалық нарықтың бәсекеге қабілетсіздігі;  
жалған және контрафактілік өнімдерді тестілеу үшін зертханаларды жарақтандыру деңгейінің жеткіліксіздігі;

Дәрілік заттар дистрибуциясының бірыңғай жүйесі менеджментінің тиімсіздігі;  
медициналық жабдықтарды, әсіресе қымбат тұратын медициналық жабдықтарды мониторингілеу деңгейінің жеткіліксіздігі.

Халыққа дәрілік заттардың сапасын, тиімділігін, қауіпсіздігін және қолжетімділігін арттыру мен медициналық жабдықтардың тиімді пайдалануын қамтамасыз ету үшін мыналар ж о с п а р л а н ы п о т ы р :

жабдықтарды жеткізу және сервистік келісімшарт жүйесінің лизинг тетіктерін енгізе отырып, медициналық техникамен орталықтандырылған қамтамасыз ету және сервис жөніндегі үйлестіру орталығын құру;  
дәрілік заттарды сертифициаттау мен бақылау бойынша мемлекеттік зертханаларды х а л ы қ а р а л ы қ а к к р е д и т т е у . » ;

«Кадр ресурстарын және медицина ғылымын дамыту. Денсаулық сақтауды дамытудың негізгі параметрлері» деген 3-ші және «Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жетілдіру» деген 4-ші кіші бөлімдер алынып тасталсын;

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген бөлімде:

«Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері» деген 3.1-кіші бөлімде:

«Азаматтардың денсаулығын нығайту және өлім-жітім деңгейін төмендету» деген 1-стратегиялық бағытта:

«Аурулардың профилактикасы, емдеу және оңалтудың тиімді жүйесі» деген 1.1-мақсатта:

реттік нөмірі 3-жолдың «2015 ж.» деген бағанындағы «85» деген сандар «83» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 4-жолдағы «89» деген сандар «87» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5-жолдың «2013-2015 жылдары» деген бағандарындағы «20», «20» және «20» деген сандар «18», «18» және «18» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 6-жолдағы «80», «79» және «79» деген сандар «72», «72» және «72» деген сандармен ауыстырылсын;  
 реттік нөмірі 7-жолдағы «44», «43» және «42» деген сандар «31», «29» және «27» деген сандармен ауыстырылсын;  
 «Аурулардың профилактикасы және СӨС қалыптастыру әдістемелерін жетілдіру» деген 1.1.1-міндетте:

13. «СӨС-ті насихаттау бойынша ҮЕҰ арасында әлеуметтік жобаларды орналастыру» деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:  
 «13. СӨС-ті насихаттау бойынша ҮЕҰ арасында әлеуметтік жобалардың саны»;  
 «өлшем бірлігі» деген бағандағы «жобалар саны» деген сөз «бірлік» деген сөзбен ауыстырылсын;

«Ана мен баланың денсаулығын нығайту» деген 1.1.2-міндетте:  
 реттік нөмірі 29-жолдың «2013, 2014, 2015 жылдары» деген бағандарындағы «28,1», «26,2» және «24,5» деген сандар «21,0», «20,0» және «18» деген сандармен ауыстырылсын;

«Негізгі әлеуметтік мәні бар аурулардың және жарақаттардың диагностикасын, емдеуді және оңалтуды жетілдіру» деген 1.1.3-міндетте:  
 реттік нөмірі 41-жолдың «2013, 2014, 2015 жылдары» деген бағандарындағы «374,8», «364,4» және «353,9» деген сандар «290,5», «284,7» және «279,0» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 45-жолдағы «9,7», «9,4» және «9,1» деген сандар «7,6», «7,4» және «7,2» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 46-жолдағы «87,0», «84,4» және «81,8» деген сандар «81,7», «79,2» және «76,8» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 48-жолдағы «17600», «17600» және «17600» деген сандар «18950», «18950» және «18950» деген сәйкес сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 47-жолдың «2013, 2014 жылдары» деген бағандарындағы «0,6» және «0,6» деген сандар «0,4» және «0,5» деген сандармен ауыстырылсын;

«Инфекциялық сырқаттанушылықтың өсуіне жолдар бермеу» деген 1.1.4-міндетте:  
 реттік нөмірі 62-жолдың «2013, 2014, 2015 жылдары» деген бағандарындағы «3,8», «3,6» және «3,4» деген сандар «3,6», «3,4» және «3,0» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 63-жолдағы «39,6», «39,4» және «39,2» деген сандар «39,2», «39,0» және «38,8» деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 72-1-жолдармен толықтырылсын:

«

72-1	Медицина ұйымдарын вакциналармен қамтамасыз ету	X	X	X
------	---	---	---	---

»;

«Білім беру және ғылым жүйесін жетілдіру және инновациялық технологияларды енгізу» деген 1.2-мақсатта:

«Кадр ресурстарын және медицина ғылымын дамыту» деген 1.2.1-міндетте: реттік нөмірі 79-жолдың «2014, 2015 жылдары» деген бағандарындағы «25» және «25» деген сандар «27» және «29» деген сандармен ауыстырылсын; реттік нөмірі 80-жолдың «2013, 2014, 2015 жылдары» деген бағандарындағы «30», «30» және «30» деген сандар «32», «34» және «36» деген сандармен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 92-1-жолдармен толықтырылсын:

«

92-1	Дәрілік заттардың клиникалық зерттеулерін өткізу	X	X	X	X	X
------	--	---	---	---	---	---

»;

«Денсаулық сақтау ұйымдарын басқаруды және қаржыландыруды жетілдіру» деген 2.1.1-міндетте:

реттік нөмірі 101-жолдың «2013, 2014, 2015 жылдары» деген бағандарындағы «96», «96» және «96,1» деген сандар «98,5», «99» және «99,5» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 105-жолдың «2014 ж.» деген бағанындағы «28» деген сан «30» деген санмен ауыстырылсын;

«2015 ж.» деген бағандағы реттік нөмірі 108-жолдар «5» деген санмен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 134-1-жолдармен толықтырылсын:

«

134-1	Ана және нәресте өлімінің әрбір жағдайы бойынша сараптама жүргізу	X	X	X	X	X
-------	---	---	---	---	---	---

»;

«Бюджеттік бағдарламалар» деген 7-бөлімде:

001 «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру» деген бюджеттік бағдарламада:

100 «Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету» деген бюджеттік кіші бағдарламада:

«2013, 2014 жж.» түпкі нәтиже көрсеткіштерінде:

«Мемлекеттік қызмет саласын кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету» деген жолдағы «150» және «100» деген сандар «106» және «80» деген сандармен ауыстырылсын;

«2015 ж.» деген бағанда: тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Әзірленген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының болжамды саны» деген жолдар «5» деген санмен толықтырылсын;

«Әзірленген үлгілік оқыту бағдарламаларының болжамды саны» деген жолдар «30» деген сандармен толықтырылсын;

«Қаржы, жедел қызмет туралы есептердің саны» деген жолдар «138» деген сандармен толықтырылсын;

«Мемлекеттік қызмет саласын кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету» деген жолдар «

80» деген сандармен толықтырылсын;  
«Тілдік оқытуды өткен мамандардың саны» деген жолдар «30» деген сандармен толықтырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:  
«Бір маманды тілдік оқытудың орташа құны» деген жолдар «18,7» деген сандармен толықтырылсын;

103 «Әлеуметтік, талдау зерттеулерді жүргізу және консалтинг қызметтерін көрсету» деген бюджеттік кіші бағдарламада:  
«2013, 2014 жж.» деген бағанда:  
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Әзірленген әдістемелік ұсыныстардың, жинақтардың болжамды саны» деген жолдағы «7» деген сан «1» деген санмен ауыстырылсын;

«ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың болжамды саны» деген жолдағы «17» және «17» деген сандар «23» және «23» деген сандармен ауыстырылсын;

түпкі нәтиже көрсеткіштерінде:  
«Жүргізілген талдау жұмыстары және мониторингтер, шолулар бойынша есептердің болжамды саны» деген жолдағы «11» және «7» деген сандар «5» және «4» деген сандармен ауыстырылсын;

«ҮЕҰ-ға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әдістемелік ұсыныстардың, жинақтардың, талдау жұмыстары және мониторингтер, шолулар бойынша есептердің болжамды саны» деген жолдағы «17» және «17» деген сандар «23» және «23» деген сандармен ауыстырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:  
«Бір зерттеу жүргізудің орташа құны» деген жолдағы «14061» және «22038,4» деген сандар «16412» және «4696,75» деген сандармен ауыстырылсын;

«2015 ж.» бағанда:  
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Жүргізілген зерттеулердің және атқарылған жұмыстардың болжамды саны» деген жол «3» деген санмен толықтырылсын;

«ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың болжамды саны» деген жолдар «23» деген сандармен толықтырылсын;

түпкі нәтиже көрсеткіштерінде:  
«Жүргізілген талдау жұмыстары және мониторингтер, шолулар бойынша есептердің болжамды саны» деген жолдар «3» деген санмен толықтырылсын;

«ҮЕҰ-ға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әдістемелік ұсыныстардың, жинақтардың, талдау жұмыстары және мониторингтер, шолулар бойынша есептердің болжамды саны» деген жолдар «23» деген сандармен толықтырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:



«Бір зерттеу жүргізудің орташа құны» деген жолдар «4666,6» деген сандармен толықтырылсын;

104 «Ақпараттық жүйелердің жұмысын қамтамасыз ету және мемлекеттік органдардың ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету» деген кіші бағдарламада:

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдардың «2013, 2014 жылдары» деген бағанындағы «13336320» және «14677759» деген сандар «12973445» және «13562716» деген сандармен ауыстырылсын;

«2015 ж.» деген бағанда: «тікелей нәтиже көрсеткіштері» деген жолдар «183» деген сандармен толықтырылсын;

«түпкі нәтиже көрсеткіштері» деген жолдар «11000» деген сандармен толықтырылсын;

«тиімділік көрсеткіштері» деген жолдар «55,4» деген сандармен толықтырылсын; «бағдарлама бойынша бюджеттік шығыстардың көлемі» деген жолдар «16 069 022» деген сандармен толықтырылсын;

002 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» деген бюджеттік бағдарламада:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде: «бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы» деген жолдың «Білім алушылардың орташа жылдық контингент» деген тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Білім алушылардың орташа жылдық контингент» (оның ішінде Ауған Республикасынан оқитындардың саны);

«Білім алатын стипендиаттардың болжамды орташа жылдық контингенті» деген тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

«Білім алатын стипендиаттардың болжамды орташа жылдық контингенті» (оның ішінде Ауған Республикасынан стипендиаттар);

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде: «Білім алушылардың орташа жылдық контингент» деген жолдың «2013, 2014 жылдары» деген бағандарындағы «1427» және «1438» деген сандар «1449» және «1486» деген сандармен ауыстырылсын;

«Білім алатын стипендиаттардың болжамды орташа жылдық контингенті» деген жолдағы «1093» және «1438» деген сандар «1155» және «1182» деген сандармен ауыстырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде: «1 студент оқуының орташа құны» деген жолдағы «314,1» және «320,4» деген сандар «307,4» және «307,4» деген сандармен ауыстырылсын; «Ауғанстаннан келген 1 студент оқуының орташа құны» деген жолдағы «336» және

«342,3» деген сандар «325,7» және «325,7» деген сандармен ауыстырылсын;  
«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «662290»  
және «686871» деген сандар «643995» және «668512» деген сандармен ауыстырылсын;  
«2015 ж.» деген бағанда:  
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:  
«Медицина колледждеріне күтілетін қабылдау» деген жолдар «500» деген  
сандармен толықтырылсын;  
«Білім алушылардың орташа жылдық контингент» деген жолдар «1497» деген  
сандармен толықтырылсын;  
«Білім алатын стипендиаттардың болжамды орташа жылдық контингенті» деген  
жолдар «1236» деген сандармен толықтырылсын;  
«түпкі нәтиже көрсеткіштері» деген жолдар «500» деген сандармен толықтырылсын  
;  
сапа көрсеткіштерінде:  
«Білім алушыларға стипендияны, жол жүруге өтемақыны уақтылы және толық  
төлеу» деген жолдар «100» деген сандармен толықтырылсын;  
«Медицина колледждерінің жұмысқа орналасқан түлектерінің үлесі» деген жолдар  
«93» деген сандармен толықтырылсын;  
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:  
«1 студент оқуының орташа құны» деген жолдар «307,4» деген сандармен  
толықтырылсын;  
«Ауғанстаннан келген 1 студент оқуының орташа құны» деген жолдар «325,7»  
деген сандармен толықтырылсын;  
«Колледж студенті стипендиясының орташа мөлшері (үстемесіз)» деген жолдар «  
12188» деген сандармен толықтырылсын;  
«Емтихандық сессияның нәтижесі бойынша тек «үздік» бағасы бар колледждің  
студентіне мемлекеттік стипендиясын арттырудың орташа мөлшері (үстемесіз)» деген  
жолдар «1828,2» деген сандармен толықтырылсын;  
«Көзі көрмейтін студенттердің колледж студенттеріне қарағанда мемлекеттік  
стипендиясының арттырудың орташа мөлшері» деген жолдар «9141» деген сандармен  
толықтырылсын;  
«Жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған, бірақ азаматтардың  
қамқорлығында (қарауында) қалған балаларға-колледждің студенттеріне мемлекеттік  
стипендияны арттырудың орташа мөлшері» деген жолдар «3656,4» деген сандармен  
толықтырылсын;  
«Ауғанстаннан оқуға келген студенттердің стипендиясының орташа мөлшері»  
деген жолдар «24376» деген сандармен толықтырылсын;  
«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдар «663698»  
деген сандармен толықтырылсын;

003 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және оқытындарға әлеуметтік қолдау көрсету» деген бюджеттік бағдарламада:  
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«ЖОО-да грант бойынша білім алушылардың орташа жылдық контингенті» деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«ЖОО-да грант бойынша білім алушылардың орташа жылдық контингенті (оның ішінде Ауған Республикасынан студенттердің саны)»;

«Қарапайым ЖОО-ның 1 PhD докторантын оқытудың орташа құны» деген жолдың «2013, 2014 жж.» деген бағандардың «1307,5» деген сандар «1302,1» деген сандармен ауыстырылсын;

тікелей нәтижелер көрсеткіштерінде:

«Магистратура бағдарламалары бойынша күтілетін қабылдау» деген жолдағы «150» және «150» деген сандар «200» және «250» деген сандармен ауыстырылсын;

«PhD докторантура бағдарламалары бойынша күтілетін қабылдау» деген жолдағы «30» және «30» деген сандар «40» және «50» деген сандармен ауыстырылсын;

«Резидентура бағдарламалары бойынша күтілетін қабылдау» деген жолдағы «840» деген сандар «1000» деген сандармен ауыстырылсын;

«ЖОО-да грант бойынша білім алушылардың орташа жылдық контингенті» деген жолдағы «29784» және «30631» деген сандар «28551» және «29267» деген сандармен ауыстырылсын;

«ЖОО-да грант бойынша білім алатын стипендиаттардың орташа жылдық контингенті» деген жолдағы «23340» және «24064» деген сандар «26163» және «26827» деген сандармен ауыстырылсын;

«ЖОО-дан кейінгі кәсіптік білімі бар мамандардың (докторанттардың, PhD докторанттарының, аспиранттарының, магистранттардың, клиникалық ординаторлардың және резидентура тыңдаушыларының) орташа жылдық контингенті» деген жолдағы «2268» және «2333» деген сандар «2188» және «2632» деген сандармен ауыстырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:

«Ұлттық ЖОО-ның 1 студентін оқытудың орташа құны, (жаңа қабылдау)» деген жолдағы «785,9» және «806,5» деген сандар «770,1» және «770,1» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ұлттық ЖОО-ның 1 студентін (2009 жылға дейін түскен) оқытудың орташа құны» деген жолдағы «616,1» және «626,3» деген сандар «606» және «606» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ұлттық ЖОО-ның 1 студентін (2009 жылдан бастап түскен) оқытудың орташа құны» деген жолдағы «649,4» және «655,7» деген сандар «637,7» және «637,7» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қарапайым ЖОО-ның 1 студентін оқытудың орташа құны, (жаңа қабылдау)» деген

жолдағы «627,7» және «648» деген сандар «609» және «609» деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Қарапайым ЖОО-ның 1 студентін оқытудың орташа құны» деген жолдағы «456,6» және «457,6» деген сандар «444,1» және «444,1» деген сандармен ауыстырылсын;

«1 запастағы офицер студентті оқытудың орташа құны» деген жолдағы «108,4» және «110,2» деген сандар «106,6» және «106,6» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ауғанстаннан келген 1 студентті оқытудың орташа құны» деген жолдағы «677,3» және «683,6» деген сандар «666» және «666» деген сандармен ауыстырылсын;

«Ұлттық ЖОО резидентурасының 1 тыңдаушысын оқытудың орташа құны (жаңа қабылдау)» деген жолдағы «1015,7» және «1032,2» деген сандар «996,8» және «996,8» деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Ұлттық ЖОО резидентурасының 1 тыңдаушысын оқытудың орташа құны» деген жолдағы «863» және «868,7» деген сандар «854,1» және «854,1» деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Қарапайым ЖОО резидентурасының 1 тыңдаушысын оқытудың орташа құны (жаңа қабылдау)» деген жолдағы «834,4» және «850,9» деген сандар «815,5» және «815,5» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қарапайым ЖОО резидентурасының 1 тыңдаушысын оқытудың орташа құны» деген жолдағы «681,7» және «687,4» деген сандар «672,7» және «672,7» деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Ұлттық ЖОО 1 магистрантын оқытудың орташа құны, жаңа қабылдау» деген жолдағы «957,3» және «973,8» деген сандар «945,1» және «945,1» деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Ұлттық ЖОО 1 магистрантын оқытудың орташа құны» деген жолдағы «802,3» және «802,3» деген сандармен толықтырылсын;

«Қарапайым ЖОО 1 магистрантын оқытудың орташа құны, жаңа қабылдау» деген жолдағы «854,9» және «871,4» деген сандар «780,5» және «780,5» деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Қарапайым ЖОО 1 магистрантын оқытудың (оқуын жалғастырып жатқан) орташа құны, жалғастырып оқу» деген жолдар «696,7» және «696,7» деген сандармен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«Ұлттық жоғары оқу орнының 1 PhD докторантын оқытудың орташа құны» деген жолдағы «1531,3» және «1547,7» деген сандар «1516,0» және «1516,0» деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Ұлттық ЖОО 1 PhD докторантын оқытудың орташа құны (жаңа қабылдау)» деген жолдағы «1460,3» және «1476,8» деген сандар «1445,0» және «1445,0» деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «25932935» және «27857932» деген сандар «24547501» және «26342205» деген сандармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«2015 ж.» деген бағанда:  
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Медициналық ЖОО-ға мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жоғары білім беру бағдарламалары бойынша күтілетін қабылдау» деген жолдар «5000» деген сандармен толықтырылсын;

«Магистратура бағдарламалары бойынша күтілетін қабылдау» деген жолдар «300» деген сандармен толықтырылсын;

«PhD докторантура бағдарламалары бойынша күтілетін қабылдау» деген жолдар «60» деген сандармен толықтырылсын;

«Резидентура бағдарламалары бойынша күтілетін қабылдау» деген жолдар «1000» деген сандармен толықтырылсын;

«ЖОО-да грант бойынша білім алушылардың орташа жылдық контингенті» деген жолдар «29443» деген сандармен толықтырылсын;

«Жоғары оқу орындарында грант бойынша білім алатын стипендиаттардың орташа жылдық контингенті» деген жолдар «26987» деген сандармен толықтырылсын;

«ЖОО кейінгі кәсіптік білімі бар мамандардың (докторанттардың, PhD докторанттарының, аспиранттарының, магистранттардың, клиникалық ординаторлардың және резидентура тыңдаушыларының) орташа жылдық контингенті» деген жолдар «3038» деген сандармен толықтырылсын;  
түпкі нәтиже көрсеткіштерінде:

«Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жоғары білім беру бағдарламалары бойынша бітірушілердің саны» деген жолдар «4,4» деген сандармен толықтырылсын;

«Жалғастырушы курстар студенттерінің степендиялармен қамтамасыз етілуі» деген жолдар «75» деген сандармен толықтырылсын;

«ЖОО-дан кейінгі кәсіптік білім беру шеңберінде білім алатын мамандардың стипендиямен қамтамасыз етілуі» деген жолдар «100» деген сандармен толықтырылсын;

сапа көрсеткіштерінде:

«Медициналық ЖОО-ның жұмысқа орналасқан түлектерінің үлесі» деген жолдар «92» деген сандармен толықтырылсын;

«Аралық мемлекеттік бақылаудың орташа балы» деген жолдар «98» деген сандармен толықтырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:

«Ұлттық ЖОО-ның 1 студентін оқытудың орташа құны, (жаңа қабылдау)» деген жолдар «770,1» деген сандармен толықтырылсын;

«Ұлттық ЖОО-ның 1 студентін (2009 жылға дейін түскен) оқытудың орташа құны» деген жолдар «606» деген сандармен толықтырылсын;

«Ұлттық ЖОО-ның 1 студентін (2009 жылдан бастап түскен) оқытудың орташа

құны» деген жолдар «637,7» деген сандармен толықтырылсын;  
«Қарапайым ЖОО-ның 1 студентін оқытудың орташа құны, (жаңа қабылдау)» деген жолдар «609» деген сандармен толықтырылсын;  
«Қарапайым жоғары оқу орнының 1 студентін оқытудың орташа құны» деген жолдар «444,1» деген сандармен толықтырылсын;  
«1 запастағы офицер студентті оқытудың орташа құны» деген жолдар «106,6» деген сандармен толықтырылсын;  
«Ауған Республикасынан келген 1 студентті оқытудың орташа құны» деген жолдар «666» деген сандармен толықтырылсын;  
«Ұлттық ЖОО резидентурасының 1 тыңдаушысын оқытудың орташа құны (жаңа қабылдау)» деген жолдар «996,8» деген сандармен толықтырылсын;  
«Ұлттық ЖОО резидентурасының 1 тыңдаушысын оқытудың орташа құны» деген жолдар «854,1» деген сандармен толықтырылсын;  
«Қарапайым ЖОО резидентурасының 1 тыңдаушысын оқытудың орташа құны (жаңа қабылдау)» деген жолдар «815,5» деген сандармен толықтырылсын;  
«Қарапайым ЖОО резидентурасының 1 тыңдаушысын оқытудың орташа құны» деген жолдар «672,7» деген сандармен толықтырылсын;  
«Ұлттық ЖОО-ның 1 магистрантын оқытудың орташа құны, жаңа қабылдау» деген жолдар «945,1» деген сандармен толықтырылсын;  
«Ұлттық жоғары оқу ЖОО-ның 1 магистрантын оқытудың орташа құны» деген жолдар «802,3» деген сандармен толықтырылсын;  
«Қарапайым ЖОО-ның 1 магистрантын оқытудың орташа құны, жаңа қабылдау» деген жолдар «780,5» деген сандармен толықтырылсын;  
«Қарапайым жоғары оқу орнының 1 магистрантын оқытудың орташа құны, жалғастырып оқу» деген жолдар «696,7» деген сандармен толықтырылсын;  
«Ұлттық ЖОО-ның 1 PhD докторантын оқытудың орташа құны» деген жолдар «1516,0» деген сандармен толықтырылсын;  
«Ұлттық ЖОО-ның 1 PhD докторантын оқытудың орташа құны (жаңа қабылдау)» деген жолдар «1445,0» деген сандармен толықтырылсын;  
«Қарапайым ЖОО-ның 1 PhD докторантын оқытудың орташа құны» деген жолдар «1302,1» деген сандармен толықтырылсын;  
«студенттерге» деген жолдар «15235» деген сандармен толықтырылсын;  
«интерндерге» деген жолдар «27596» деген сандармен толықтырылсын;  
«Ауғанстаннан келген білім алушыларға» деген жолдар «30468» деген сандармен толықтырылсын;  
«магистранттарға, резидентура тыңдаушыларына (клиникалық ординаторларға)» деген жолдар «44772» деген сандармен толықтырылсын;  
«докторанттарға» деген жолдар «59636» деген сандармен толықтырылсын;  
«студенттерге» деген жолдар «15235» деген сандармен толықтырылсын;

«интерндерге» деген жолдар «27596» деген сандармен толықтырылсын;  
«Ауғанстаннан келген білім алушыларға» деген жолдар «30468» деген сандармен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«магистранттарға, резидентура тыңдаушыларына (клиникалық ординаторларға)»  
деген жолдар «44772» деген сандармен толықтырылсын;

«докторанттарға» деген жолдар «59636» деген сандармен толықтырылсын;  
«Емтихандық сессияның нәтижесі бойынша тек «үздік» бағасы бар студенттер мен  
магистранттардың мемлекеттік стипендиясын көбейтудің орташа мөлшері» деген  
жолдар «2285,25» деген сандармен толықтырылсын;

«Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, бірақ азаматтардың  
қамқорлығындағы (қарауындағы) балалар арасынан студенттер мен магистранттардың  
мемлекеттік стипендиясын көбейтудің орташа мөлшері (үстемесіз)» деген жолдар «  
4570,2» деген сандармен толықтырылсын;

«Мемлекеттік атаулы стипендияны алатын студенттер мен магистранттардың  
мемлекеттік стипендиясын көбейтудің орташа мөлшері» деген жолдар «6855,3» деген  
с а н д а р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы тағайындалған білім  
алушылардың мемлекеттік стипендиясын көбейтудің орташа мөлшері» деген жолдар «  
15235» деген сандармен толықтырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдар «27731415»  
деген сандармен толықтырылсын;

005 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне  
денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңғыртуға, Алматы облысының  
облыстық бюджетіне және Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау  
объектілерінің сейсмотұрақтылығын күшейтуге берілетін нысаналы даму  
трансферттері» деген бюджеттік бағдарламада:  
т и і м д і л і к к ө р с е т к і ш т е р і н д е :

«Қаржыландырылатын денсаулық сақтау жобаларының саны» деген жолдың «2013,  
2014 жылдары» деген бағандарындағы «24» және «5» деген сандар «52» және «45»  
деген сандармен ауыстырылсын;

«оның ішінде сейсмокүшейтілетін объектілер» деген жолдағы «1» деген сан «4»  
деген санмен ауыстырылсын;

«Аяқталған денсаулық сақтау жобаларының саны» деген жолдағы «16» және «3»  
деген сандар «30» және «37» деген сандармен ауыстырылсын;

«оның ішінде 100 аурухана жобасы шеңберінде» деген жолдағы «10» және «2»  
деген сандар «8» және «9» деген сандармен ауыстырылсын;

«оның ішінде 350 дәрігерлік амбулатория, емхана және фельдшерлік-акушерлік  
пункт шеңберінде» деген жолдағы «2» және «1» деген сандар «14» және «27» деген  
с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«оның ішінде сейсмоқұшейтілетін объектілер» деген жолдағы «1» деген сан «4» деген санмен ауыстырылсын;  
тиімділік көрсеткіштерінде:

«Салынған бір стационарлық объектінің орташа құны» деген жолдағы «5688,3» және «4784,2» деген сандар «7346,8» және «7608,4» деген сандармен ауыстырылсын;

«Салынған бір амбулаториялық-емханалық қызмет объектісінің орташа құны» деген жолдағы «1754,7» және «1034,8» деген сандар «1443,6» және «1551,9» деген сандармен ауыстырылсын;

Салынған бір сейсмоқұшейтілген объектінің орташа құны» деген жолдағы «830,5» деген сандар «300,6» деген сандармен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

Салынған бір объектінің орташа құны (басқа да денсаулық сақтау объектілері)						1939,5	1538,4	2480,0
---	--	--	--	--	--	--------	--------	--------

»;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «37458809» және «12586270» деген сандар «56184698» және «72221579» деген сандармен ауыстырылсын;

«2015 ж.» деген бағанда:  
тікелей көрсеткіштерде:

«Қаржыландырылатын денсаулық сақтау жобаларының саны» деген жолдар «25» деген сандармен толықтырылсын;

«оның ішінде сейсмоқұшейтілетін объектілер» деген жолдар «9» деген санмен толықтырылсын;

«Аяқталған денсаулық сақтау жобаларының саны» деген жолдар «24» деген сандармен толықтырылсын;

«оның ішінде 100 аурухана жобасы шеңберінде» деген жолдар «7» деген санмен толықтырылсын;

«оның ішінде сейсмоқұшейтілетін объектілер» деген жолдар «9» деген санмен толықтырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:

«Салынған бір стационарлық объектінің орташа құны» деген жолдар «8235,9» деген сандармен толықтырылсын;

«Салынған бір амбулаториялық-емханалық қызмет объектісінің орташа құны» деген жолдар «1669,3» деген сандармен толықтырылсын;

«Салынған бір сейсмоқұшейтілген объектінің орташа құны» деген жолдар «166,8» деген сандармен толықтырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдар «59172998» деген сандармен толықтырылсын;



006 «Республикалық деңгейде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету» деген бюджеттік бағдарламада:  
тікелей нәтиже көрсеткіштері:

«Орындалған зертханалық зерттеулердің саны» деген жолдың «2013-2014 жылдары» деген бағандарындағы «10,87» және «10,87» деген сандар «9,5» және «9,4» деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

Халықтың вакцинациялауға жататын санынан қамтудың үлес салмағы (кем емес)	%	95%	95%	95%	95%	95%	95%	95%	95%
---	---	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----

»;

түпкі нәтиже көрсеткіштері мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

Халықтың вакцинамен басқарылатын инфекциялармен сырқаттанушылығын төмендету	100 мың адамға шаққанда	8,1	5,5	5,0	4,8	4,6	4,3	4,2
---	-------------------------	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----

»;

тиімділік көрсеткіштерінде:

«1 зертханалық зерттеуге орташа шығындар» деген жолдағы «647,6» және «692,9» деген сандар «675,8» және «723,1» деген сандармен ауыстырылсын;

«1 дез. препараттың орташа құны» деген жолдағы «740,84» және «792,7» деген сандар «690,7» және «739,0» деген сандармен ауыстырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «11064669» және «11311491» деген сандар «11190432» және «11363787» деген сандармен ауыстырылсын;

«2015 ж.» деген бағанда:

«ККГБ бойынша қолайсыз елді мекендердің айналасында санитариялық-қорғау аймақтарын құру» деген жолдар «168» деген сандармен толықтырылсын;

«Алаңдарды обаға қарсы тазарту» деген жолдар «805,1» деген сандармен толықтырылсын;

«Ошақтар және басқа эндемиялық өңірлерге шығу саны» деген жолдар «73» деген сандармен толықтырылсын;

«Орындалған зертханалық зерттеулердің саны» деген жолдар «9,3» деген сандармен толықтырылсын;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«0,2-ден аспайтын деңгейде ККГБ сырқаттанушылықты ұстау» деген жолдар «0,2» деген сандармен толықтырылсын;

«Обамен сырқаттанушылық көрсеткішін 0,03 аспайтын деңгейде ұстау» деген жолдар «0,03» деген сандармен толықтырылсын;

«Жалпы инфекциялық сырқаттанушылықты төмендету» деген жолдар «1839,0»

деген сандармен толықтырылсын;  
тиімділік көрсеткіштерінде:  
«1 зертханалық зерттеуге орташа шығындар» деген жолдар «737,7» деген  
сандармен толықтырылсын;  
«1 дез. препараттың орташа құны» деген жолдар «790,7» деген сандармен  
толықтырылсын;  
«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдар «12129978»  
деген сандармен толықтырылсын;  
007 «Қолданбалы ғылыми зерттеулер» деген бюджеттік бағдарламада:  
100 «Денсаулық сақтау саласында» кіші бағдарламасында:  
түпкі нәтиже көрсеткіштерінде:  
«ҚР ДСМ рұқсат берген жаңа технологияларды енгізу жөніндегі өтінімдердің саны»  
деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:  
«ҚР ДСМ практикалық денсаулық сақтауға енгізуге ұсынған жаңа технологиялар  
саны»;  
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:  
«Орындалатын ғылыми-техникалық бағдарламалардың жалпы саны (бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру)» деген жолдың «2013, 2014 жылдары»  
деген бағандарындағы «15» және «9» деген сандар «19» және «11» деген сандармен  
ауыстырылсын;  
«ҚР ДСМ практикалық денсаулық сақтауға енгізуге ұсынған жаңа технологиялар  
саны» деген жолдағы «4» және «6» деген сандар «2» және «2» деген сандармен  
ауыстырылсын;  
сапа көрсеткіштерінде:  
«Халықаралық патенттердің үлес салмағы (халықаралық патенттер саны \* 100/  
жариялымдардың жалпы саны)» деген жолдағы «2» және «3» деген сандар «4,5» және «  
4,5» деген сандармен ауыстырылсын;  
«Халықаралық басылымдарда жариялымдардың үлес салмағы (халықаралық  
басылымдарда жариялымдар саны \* 100/ жариялымдардың жалпы саны)» деген  
жолдағы «9» деген сан «8» деген санмен ауыстырылсын;  
тиімділік көрсеткіштерінде:  
«Бір ғылыми-техникалық бағдарламаның орташа құны» деген жолдағы «67672»  
және «70910» деген сандар «74475» және «90501» деген сандармен ауыстырылсын;  
«кіші бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «  
1015084» және «638195» деген сандар «1415022» және «995512» деген сандармен  
ауыстырылсын;  
«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «1015084»  
және «638195» деген сандар «1415022» және «995512» деген сандармен ауыстырылсын  
;

«2015 ж.» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Орындалатын ғылыми-техникалық бағдарламалардың жалпы саны (бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру)» деген жолдар «2» деген санмен толықтырылсын;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«ҚР ДСМ практикалық денсаулық сақтауға енгізуге ұсынған жаңа технологиялар саны» деген жолдар «2» деген санмен толықтырылсын;

«БҒМ мемлекеттік ғылыми-техникалық оң қорытындысын алған ғылыми-техникалық бағдарламалар (бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру) бойынша қорытынды есептердің үлес салмағы» деген жолдар «100» деген сандармен толықтырылсын;

сапа көрсеткіштерінде:

«Халықаралық патенттердің үлес салмағы (халықаралық патенттер саны \* 100/ жариялымдардың жалпы саны)» деген жолдар «4» деген санмен толықтырылсын;

«Халықаралық басылымдарда жариялымдардың үлес салмағы (халықаралық басылымдарда жариялымдар саны \* 100/ жарияланымдардың жалпы саны)» деген жолдар «8» деген санмен толықтырылсын;

тиімділік көрсеткіштерінде:

«Бір ғылыми-техникалық бағдарламалардың орташа құны» деген жолдар «149229» деген сандармен толықтырылсын;

«кіші бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдар «298458» деген сандармен толықтырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдар «298458» деген сандармен толықтырылсын;

008 «Арнайы медицина резервін сақтау» деген бюджеттік бағдарламада: «бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдың «2013-2014 жылдары» деген бағандарындағы «31479» және «32599» деген сандар «31035» және «31439» деген сандармен ауыстырылсын;

«2015 ж.» деген бағандағы «бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдар «31871» деген сандармен толықтырылсын;

009 «Алматы қаласының бюджетіне сейсмотұрақтылығы күшейтілетін денсаулық сақтау объектілерін күрделі жөндеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

«2013 ж.» деген бағанда:

«тікелей нәтиже көрсеткіштері» деген жолдар «5» деген санмен толықтырылсын;

«түпкі нәтиже көрсеткіштері» деген жолдар «4» деген санмен толықтырылсын;

«тиімділік көрсеткіштері» деген жолдар «318,0» деген сандармен толықтырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдар «972029»

деген сандармен толықтырылсын;

010 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз етуге және кеңейтуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» деген бюджеттік бағдарламада:

100 «Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету және кеңейту» деген кіші бағдарламада:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Халықты қан айналымы жүйесі ауруларын ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдың «2013-2014 жылдары» деген бағандарындағы «2580736» және «2611512» деген сандар «2 499 642» және «2 487 819» деген сандармен ауыстырылсын;

«Халықты қант диабетін ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдағы «2328298» және «2363270» деген сандар «2499642» және «2487819» деген сандармен ауыстырылсын;

«Халықты қуық асты безінің қатерлі ісігін ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдар «117 610» және «213 866» деген сандармен толықтырылсын;

«Вирусты гепатитті анықтау үшін балаларды скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдағы «120796» және «120896» деген сандар «118 028» және «117 255» деген сандармен ауыстырылсын;

«Вирусты гепатитті анықтау үшін ересектерді скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдағы «279495» және «280495» деген сандар «256230» және «260517» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жақ-бет саласының туа біткен патологиялары бар балаларды амбулаториялық деңгейде тіс-жақ аномалияларын жоюға арналған аппараттарды пайдалан отырып ортодонтиялық емдеу көрсету» деген жолдағы «2442» және «2616» деген сандар «2406» және «2537» деген сандармен ауыстырылсын;

«Денсаулық сақтау орталықтар желісін дамыту және жұмыс істеуі» деген жолдағы «75» және «80» деген сандар «55» және «55» деген сандармен ауыстырылсын; түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«Қанайналым жүйесі ауруларынан өлім-жітім» деген жолдағы «374,8» және «364,4» деген сандар «290,5» және «284,7» деген сандармен ауыстырылсын; тиімділік көрсеткіштерінде:

«Бейне роликті дайындаудың орташа құны» деген жолдар «1712000» және «1831840» деген сандармен толықтырылсын;

«Аудиороликті дайындаудың орташа құны» деген жолдар «62060» және «66404» деген сандармен толықтырылсын;

«Телеарнаға бір бейнероликті прокаттаудың орташа құны» деген жолдар «3424000» және «3663680» деген сандармен толықтырылсын;

«Радиоға бір аудиороликті прокаттаудың орташа құны» деген жолдар «1660105» және «1776312» деген сандармен толықтырылсын;

«Бір адамға қан айналым жүйесі ауруларын ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараудың орташа құны» деген жолдағы «252,5» және «270,2» деген сандар «275,0» және «294,3» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бір адамға қант диабетін ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараудың орташа құны» деген жолдағы «89,9» және «96,2» деген сандар «76,4» және «81,7» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бір адамға еркек безінің қатерлі ісігін скринингтік тексеріп-қараудың орташа құны» деген жолдар «4439» және «4120» деген сандармен толықтырылсын;

«Бір балаға вирусты гепатитті анықтау үшін скринингтік тексеріп-қараудың орташа құны» деген жолдағы «4,3» және «4,6» деген сандар «3,9» және «4,4» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бір ересек адамға вирусты гепатитті анықтау үшін скринингтік тексеріп-қараудың орташа құны» деген жолдағы «6,7» және «7,1» деген сандар «6,0» және «4,5» деген сандармен ауыстырылсын;

«бағдарлама бойынша бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «52980925» және «55698891» деген сандар «107931914» және «114098093» деген сандармен ауыстырылсын;

«Тіс-жақ аномалияларын жоюға арналған аппараттарды пайдалана отырып туа біткен жақ-бет аймағы патологиялары («жырық таңдай», «қоян жырық») бар балаларды амбулаториялық деңгейде ортодонтиялық емдеу көрсетудің орташа құны» деген жолдағы «2014 ж.» деген бағанындағы «21,4» деген сандар «21,86» деген сандармен ауыстырылсын;

«2015 ж.» деген бағанда:  
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Шолушы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу» деген жолдар «178» деген сандармен толықтырылсын;

«Халықты қан айналымы жүйесі ауруларын ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдар «2479479» деген сандармен толықтырылсын;

«Халықты қант диабетін ерте анықтаудың скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдар «2479479» деген сандармен толықтырылсын;

«Халықты қуық асты қатерлі ісігін ерте анықтауға скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдар «317162» деген сандармен толықтырылсын;

«Инъекциялық есірткіні тұтынушыларды орнын алмастырушы терапиямен қамтамасыз ету» деген жолдар «1396» деген сандармен толықтырылсын;

«Вирусты гепатитті анықтау үшін балаларды скринингтік тексеріп-қараумен қамту» деген жолдар «116379» деген сандармен толықтырылсын;

«Вирусты гепатитті анықтау үшін ересектерді скринингтік тексеріп-қараумен қамту»

» деген жолдар «259331» деген сандармен толықтырылсын;  
